



Жоспар:

- **Жоспар**
- **I Кіріспе**
- **II Негізгі бөлім**
 - Мәдени балды өсімдіктердің шаруашылықтағы маңызы
 - Егістік қияр
 - Алма
 - Бақша таңқұрайы
 - Мәдени жүзім
- **III Қорытынды**
- **IV Пайдаланылған әдебиеттер**

Мәдени балды өсімдіктердің шаруашылықтағы маңызы

- Ара шаруашылығы ауыл шаруашылығының маңызды қосымша шаруашылығы болып саналады. Ара шаруашылығы көптеген ауыл шаруашылық дақылдарының өнімділігін арттыруда және малазықтық шөптерге қатысты тұқым шаруашылығын дамытуда бағалы тағам өнімдерін өндіруде табиғат байлығын, өндірістік шикізатты тиімді пайдалануда және де пайдалы медициналық препарат өндіруде өте маңызды рөл атқарады.
- Азық қорын тиімді пайдаланып, ара шаруашылығын дұрыс ұйымдастыру шаруашылыққа үлкен табыс әкеледі. Мысалы, кеңес үкіметі кезінде кейбір колхоздарда шаруашылықтағы жалпы табыс-кірістің 35-50 %-ын ара шаруашылығы беретін еді. Одан басқа насекомдармен тозаңданатын дақылдардың аралармен тозаңдануы оған қосымша алдыңғы қатарлы агротехниканы қолдану өнімділікті 20-30% пайызға көтереді. Жоғары өнімді ара шаруашылығы мәдени және табиғи фитоценоздардағы балды өсімдіктерді тиімді, ебін тауып дұрыс пайдалануға негізделген. Сондықтан ара шаруашылығын дұрыс жолға қойып табыс табу үшін сол регион флорасындағы балды өсімдіктерді зерттеп, олардың биологиялық ерекшеліктерін білудің маңызы зор

Аралардың өсімдік гүлдерінен негізгі жинайтындары:

1) нектар; 2) тозаң; 3) клей (прополис).

Нектарды аралар өздерінің ұяларында өндеп балға айналдырады. Ол бал араларға қыс бойы тамақ болады. Аралар балмен тек қыс айларында қоректенеді. Нектарлар өте қарқынды түрде таңертеңгі 9⁰⁰ шамасында және түнде сағат 24-те бөлінетіндігі анықталған.





Кәдімгі жөке ағашының (липа обыкновенная) бір гүлі 0,15-7,46 мг нектар бөліп шығарады. Ал ірі жапырақты жөке ағашы 0,50-11,54 мг бөледі

Жөке ағашы



таңқурай, қарлыған, шие, қараөрік, алма,
алмұрт

Бақшалық және көкөністік балды өсімдіктер:



Бау-бақшалардағы балды өсімдіктер:



1) Жеміс ағаштар және жидек бұталар: таңқурай, қарлыған, шие, қараөрік, алма, алмұрт, қарақат т.б;



2) Субтропикалық аймақтың жемісті және басқа да бағалы балды өсімдіктері: құрма,, маслина, шабдалы, миндаль, акация, аива т.б;



3) Бақшалық және көкөністік балды өсімдіктер: асқабақ, қияр, қауын, қарбыз, пастернак және т.б.

Нектар бермейтін өсімдіктердің екінші тобы
насекомдармен тозаңданатын айқын ашық гүлділер. Олардың химиялық
құрамы 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте. Тоzaңдардың химиялық құрамы

Өсімдік	Құрамы				
	Су	Белок	Май	Көмірсулар	Күлдер
Кәдімгі қарағай	7,7	13,1	1,2	-	2,1
Қандыағаш	26,4	-	30,	-	-
Тал	12,3	22,3	4,1	32,2	2,6
Грек жаңғағы	7,2	23,9	2,3	-	3,8
Жүзім	5,0	21,9	2,7	-	2,8
Жүгері	-	3,8	1,4	30,3	3,1
Капуста	9,9	25,8	9,6	24,7	2,8
Алма	9,8	28,6	3,1	28,3	2,6
Ақбеде	11,5	23,7	3,4	26,9	3,1
Бақбақ	10,9	11,1	14,4	34,9	0,9

Алма

- Алма (лат. *malus*) — раушан гүлділер тұқымдасына жататын, өте кең тараған жеміс ағашы. Табиғи алманың жер шарында 36 түрі белгілі, олардың 10 — 12 - сінің шаруашылықтың маңызы бар. Қазақстанда, негізінен, Сиверс алмасы, Недзвецкий, қырғыз алмасы өседі. Алманың жаздық, күздік, қыстық сорттары бар. Алма ағашының өмір сүру ұзақтығы 20 — 100 жыл, биіктігі 3 — 10 м болады. 3 — 12 жылда жеміс береді, әр гектардан шамамен 100 — 300 ц өнім алынады. Тұқымынан және өсімді (вегетативті) жолмен көбейеді.

Бақша таңқурайы

- Таңқурай – раушангүлдер тұқымдасына жататын, жартылай бұтады көпжылдық өсімдік. Таңқурайдың бұталары алғашында шөптесін болып, кейіннен бұтаққа айналады. Жапырағы күрделі пішінді, жиегі аратісті, үстіңгі беті қою жасыл, ішкі жағы ақ түсті. Гүлдері ақ немесе ашық қызғылт болады. Гүлі 5 күлтелі, аздаған гүлшоқтар болып жеке-жеке өседі. Гүлдеуі маусымнан күзге дейін жалғасады. Сондықтан пісу мерзіміне қарай, өнімін жинау бірнеше айға созылады. Жидегі өте нәзік, күлгін- қызғылт түсті. Дәмі тәтті, аздаған қышқылдығы бар. Таңқурай ұсақ сүйекшелерден құралған бірнеше дәндердің бірігуінен тұрады. Жабайы түрінде бұл дәндер бір-бірінен оңай ажыратылып алынады. Ал, екпе түрлерінде сүйекшелері бірігіп кеткен тәрізді болып көрінеді. Жалпы пісу кезеңі шілде, тамыз айлары. Нәзік хош иісті. Табиғатта таңқурай аралас ормандарда, қылқанжапырақты ағаштар арасында жақсы өседі. Өзен аңғарларында, бұталардың арасында, көлеңкелі, ылғалды жерлерде кездеседі.

Құрамы және пайдасы

- Таңқурай құрамында адам ағзасы үшін пайдалы заттар өте көп, атап айтқанда: аскорбин қышқылы, глюкоза, органикалық қышқылдар, спирттер, кетондар, ақуыздар, пектиндер, азот қоспалары, илік заттар, С, А, В топ дәрумендері. Таңқурайдан жасалған қайнатпаны дене қызуын түсіруге, несеп жүргізуге, бүйрек тасын шығаруға, іш ауруына, қант диабетіне, өт айдауға пайдаланады. Гемоглобин мөлшерін арттыру, қан тоқтату, суық тигенде дене қызуын басуға, іш тоқтатуға, қан аздыққа, жүйке ауруларына, бронхитке, жөтелге қарсы қолданады. Таңқурай жемісін табиғи қалпында немесе кептірілген күйінде қайнатып, сусын жасап, қыста тұмау кезінде пайдаланады. Әсіресе, тибет медицинасында таңқурайдың жапырағы, жемісі және сабағы

Қорытынды

- Ара шаруашылығын тиімді ұйымдастыру үшін сол региондағы балды өсімдіктер құрамын зерттеп, ол өсімдіктердің гүлдеу күнтізбесін білу керек. Осы мәліметтердің негізінде балды өсімдіктерді үзіліссіз гүлдейтіндей жағдай жасауға болады. Ол үшін балды өсімдіктерді мәдени өсімдіктермен аралас егіп, ауыспалы егістік алқабын жасауға болады. Соның нәтижесінде ара шаруашылығын табысты шаруашылыққа айналдыруға болады. Ара ұшуының оптимальды радиусы 2 км-ге дейін деуге болады. Дегенмен, омарта айналасының балды өсімдіктерін 3 км радиусында зерттеу керек, мұндай шеңбердің көлемі 28 шаршы км болады.

Әдебиеттер

- 1. Глухов М.М. Медоносные растения. Москва: Колос, 1974.-304с.
- 2. Митропольский А. Пыльца растений и перга как корм для пчел //Пчеловодство.-1995-№1.-С.25-27.
- 3. Мұхитдинов Н. Қазақстан биоресурстары:оқу құралы.-Алматы,2009.-
- 4.Шаңырақ : Үй-тұрмыстық энциклопедиясы. Алматы : Қаз.Сов.энцикл.Бас ред., 1990
- 5. Қазақ тілі терминдер сөздігі I том